

### Х А Т Т А М А № 3

Шымкент қаласы

«16» мамыр 2023 жыл

**Күн тәртібінде:** 1. Комплаенс офицердің құқықы және міндеті  
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-баршамызға ортақ іс.

**Төраға:** №3 қалалық ауруханасының заңгері және комплаенс офицері, У.Исманов

**Хатшы:** мамандар бөлімінің бастығы Ш.Т.Мамашарипова

**Қатысқандар:** Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№3 қалалық аурухана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (ары қарай - №3 қалалық аурухана) қызметкерлері бас дәріердің емдеу жұмыстары бойынша орынбасары О.Р.Тойчибаев, жүйке аурулар бөлімшесінің меңгерушісі Г.Н.Бердалиева, балалар бөлімшесінің меңгерушісі М.Нурметова мамандар бөлімінің бастығы Ш.Т.Мамашарипова, бас мейірбике Х. Толаходжаева, №3 қалалық ауруханасының кәсіподақ ұйымының төрағасы Б. Хакимжанов және №3 қалалық ауруханасының әкімшілік-шаруашылық бөлімінің қызметкерлері және барлық бөлімшелердің меңгерушілері мен аға мейірбекелері.

**Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша** №3 қалалық ауруханасының заңгері және комплаенс офицері, У.Исманов, Комплаенс қызметінің мақсаты және бүгінгі таңда өзекті маселеге айналып отырған – жемқорлықтың індеті жөнінде төмендегідей баяндама жасады:

Комплеанс қызметінің мақсаты - коммерциялық ұйымдардың сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған қолданыстағы заңдарды, ережелер мен стандарттарды сақтауын қамтамасыз ету арқылы компанияның, инвесторлардың, клиенттердің, қызметкерлердің мүдделерін қорғау. Жұмысқа қабылдау кезінде әділдікті, ашықтықты қамтамасыз етудегі бақылау, корпоративтік секторда сатып алуды жүргізу - елдегі күнделікті сыбайлас жемқорлықты жоюдың ажырамас бөлігі. Ұйымның ішкі құжаттарымен регламенттелген, бекітілен рәсімдер шеңберінде құрылымдық бөлімшелерден ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпарат пен материалдарды сұрату және алу. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызметі есеп беретін басшының немесе өзге тұлғаның (органның) қарауына өз құзыретіне жататын мәселелерді шығаруға бастамашылық жасауға және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүрізуге бастамашылық жасауға құқылы екендігін түсінтірді. Жасыратыны жоқ сыбайлас жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйіткілді маселеге айналды. Себебі, мұндай әрекеттің мемлекеттік қызметкерлер

тарапынан көрініс табуы мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, қоғамда өкіметке, билікке деген сенімсіздік тудырады. Бұл дерт еліміздің дамуына, эканомиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіретінің даусыз екендігіне У.Исманов егжей-тегжейлі тоқталды.

Сондай-ақ, жемқорлықпен қарсы күресте барлық адамдар - заң мен сот алдында тең. Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзіреті шегінде күрес жүргізу, яғни жемқорлықпен күресу – жалпыға ортақ және міндеттігі айтылды.

Мысал үшін тәрбие отбасынан басталады, ата-анасының шаруаны пара беру арқылы шешетінін, не пара алу арқылы өздерінің материалдық жағдайын жақсартып отырғанын көріп өскен бала, бұл жағдайды орынды, яғни солай болуы керек екен деп түсінеді. Сондықтан отбасыда тәрбиені дұрыс беру үшін, ең алдымен өзімізді тәрбиелеуді алдыңғы орынға қойғанымыз дұрыс екендігін айтып түсінтірді.

Сыйбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жойып, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттырудың маңызы зор. Тұрғындар өздерінің құқықтарын толық меңгерсе, олардың өздеріне қарсы қандайда бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қажетті іс-қимылдарды қолдануларына мүмкіншілігі болатындығы баяндалды.

**Қоғамымызда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ.** Сол мақсатта қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің ушықпауы үшін оны тоқтатудың амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа қарсы тұруға болады және қазіргі таңда Е-Өтініш деген цифрлық формада ЦОН арқылы, эгов жүйесі және телефон арқылы да арыз шағым қолдануға мүмкіндік берілген. Сол себептен науқастармен және коллективпен ауруханаға келген барлық адамдармен қарым қатынас тек заң шеңберінде болу керектігін ескертіп, сөз соңын баяндамашы қорытындылады.

Іс-шараға қатысушылар бейне баянды көріп шығып, және жемқорлыққа қатысты суреттерді қарап шығып, жемқорлықты тек ұжыммен бірлесіп күресу қажеттілігін айтты, сонда жемқорлықты жеңетінін көпшілік мақұлдады.

Төраға:



У.О.Исманов.

Хатшы:



Ш.Т. Мамашарипова